

## "Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қоры" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 1130 қаулысы

"Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) құрылсын.

2. Отандық ғылыми-техникалық әзірлемелерді қаржылық қолдау және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жаңғырту қоғам қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

3. Қоғамның жарғылық капиталы республикалық бюджет қаражаты есебінен 265722000 (екі жүз алпыс бес миллион жеті жүз жиырма екі мың) теңге мөлшерінде қалыптастырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғысын бекітуді;

2) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарға қоғам атынан қол қоюға уәкілетті тұлғаны сайлауды, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруды және басқару органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалар алдында оның мұдделерін білдіруді;

3) қоғамды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркеуді;

4) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігіне беруді;

5) осы қаулыдан туындаитын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2023 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 1130 қаулысымен

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадының мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері респубикалық меншікті қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-212-жолмен толықтырылсын:

"21-212. "Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қоры" акционерлік қоғамы.". "

2. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадының мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігіне:" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 410-2-1-жолмен толықтырылсын:

"410-2-1. "Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қоры" акционерлік қоғамы.". "

3. "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"1. Министрлік" деген бөлім мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын :

"4) "Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қоры" акционерлік қоғамы.". "